

**«АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ІШКІ ТАЛДАУЫ БОЙЫНША
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ
КЕЗІНДЕГІ ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

I. Кіріспе

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім)- бөлім басшысы басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті білім беру саласын басқаруды жүзеге асыратын атқарушы мемлекеттік орган.

Бөлім Атырау облысы Білім беру басқармасының бөлімшесі болып табылып, дербес бөлім ретінде жергілікті атқарушы органдарының біртұтас жүйесіне кіреді, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын тиісті саланы дамыту мүдделерімен және қажеттілігімен үйлестіре жүргізуді қамтамасыз етеді.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні:

Бөлімдегі және бөлімге қарасты мекемелердегі сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайын сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді зерделей отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі туралы ақпаратты ұсыну.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі. мекен жайы мен байланыс мәліметтері: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Көшекбаев көшесі 25 үй, тел.: 8(71233) 2-04-00 эл.поштасы: e.bayarov@atyrau.gov.kz

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауын жүргізуші жұмыс тобының құрамы:

р/с	Аты жөні	лауазымы	Атқаратын қызметі
1	Е.Баяров	Бөлім басшысы	Жұмысшы топ төрағасы
2	Т.Медеугалиева	Бөлімнің сектор меңгерушісі	Жұмысшы топ төрағасының орынбасары
3	А.Асылбеков	Бөлімнің бас есепшісі	Жұмысшы топ мүшесі
4	Қ.Харесова	Бөлімнің бас маманы	Жұмысшы топ мүшесі
5	Р.Кумарова	Бөлімнің бас маманы	Жұмысшы топ мүшесі
6	Т.Бахтыгереева	Бөлімнің әдістемелік кабинет меңгерушісі	Жұмысшы топ мүшесі
7	А.Арыстанова	Бөлімнің әдіскері	Жұмысшы топ мүшесі
8	С.Ықласов	Бөлімнің әдіскері	Жұмысшы топ мүшесі
9	Н.Ахметова	Бөлімнің әдіскері	Жұмысшы топ мүшесі

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілу кезеңі:

Басталды: 26 мамыр 2025 жыл, аяқталды: 25 шілде 2025 жыл.

4. Бақыланатын кезең: 2024 жылдың 03 қаңтары мен 2024 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағыттар бойынша жүзеге асты :

- 1) Бөлімнің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жалпы жауаптылық жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды тұлғасы: Т.Медеугалиева- бөлімнің сектор меңгерушісі. 8(71233)2-08-89.

Бөлімнің және бөлімге қарасты білім беру ұйымдарындағы ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды:

II. Ақпараттық-талдамалық бөлім

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы басшылыққа алынып, іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын сапалы ұйымдастыру мақсатында бөлімнің «2024 жылға арналған Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу іс шаралар жоспарын бекіту туралы» бөлімінің 2024 жылдың 18 қаңтар күнгі күнгі №40 санды бұйрығымен іс шаралар жоспары жасақталып, жұмыстар жүзеге асырылды.

Бөлімде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талаптарын қатаң сақталуы үнемі бақылап, осы талаптарды қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін мемлекеттік қызметкерлер мен әдіскелер арасында жауапкершіліктері үнемі таныстырылып, бөлімге қарасты білім мекемелері басшыларына ақпараттандыру жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты жоғарғы органдардан келген нұсқау хаттар мен жоспарлар уақытылы білім беру ұйымдарына уақытылы таныстырылуда.

III. Ұйымдастырушылық басқарушылық қызмет бөлімі:

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;

1) Бөлімде мемлекеттік қызметшілер саны-4; азаматтық қызметшілер саны-23. Олар: 4 мемлекеттік қызметкер (бөлім басшысы және сектор меңгерушісі, 2 бас маман) мен 2 штаттан тыс қызметкер (іс жүргізуші, автокөлік жүргізушісі) бөлімнің әдістемелік кабинетінде 21 қызметкер (1 әдістемелік кабинет меңгерушісі, 13 әдіскер, 1 хатшы) мен бухгалтериясында 6 қызметкер (1 бас есепші, 5 есепші) барлығы 27 қызметкер жұмыс істейді. Бөлімдегі мемлекеттік қызметшілерінің мемлекеттік қызметке өтуіне кедергі келтіретін мәліметтер жоқтығы туралы ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің Атырау облысы бойынша департаментінен тексерістен өткен. 4 мемлекеттік қызметкердің үшеуі конкурстық негізде оның біреуі 2024 жылы, ал бір мемлекеттік қызметші (бөлім басшысы) ауысу тәртібімен жұмысқа орналасқан. Бөлім қызметкерлері ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар жоқ; Теріс қылықпен жұмыстан шығарылған қызметкер жоқ.

«Атырау облысы білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты білім беру ұйымдарының желісінде күні бүгінде 33 жалпы білім беретін мектеп, (оның 27 орта, 3 негізгі, 3 бастауыш мектеп), мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны 23 балабақша, 5 қосымша білім беру ұйымы және 1 арнайы білім беру ұйымы: №5 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетімен барлығы 62 білім беру ұйымы жұмыс жасайды. 2024 жылдың ішінде таратылып, жабылған білім беру ұйымдарының саны: 1-еу. («Атырау облысы Білім беру Басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін кешкі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі) Мектепке оқуға тілек білдіруші балардың жоқ болуы себебімен 29.11.2024ж Атырау облысы әкімдігінің «Атырау облысы Білім беру Басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін кешкі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесін тарату туралы» №257 қаулысы негізінде мекеме жұмысы тоқтатылып, жабылды. Білім беру ұйымын тарату талаптары сақталған.

2024 жылы сырттай талдау барлық білім беру мекемелеріндегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 20,21 баптарын бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар (қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар) жасаған тұлғалардың қызметке қабылдану мәселесіне қатысты барлық қызметкерлер кадр қызметтері

мен комплаенс-қызметтеріне зерделеу жүргізіліп және қортынды мониторинг нәтижесі бойынша 2 мектепте (Бегалиев, Ломоносов) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған 2 тұлға (дене пәні мұғалімі, педагог ұйымдастырушы) анықталды.

2) 2024 жылдың қаңтар - желтоқсан айлары аралығында аудандық білім бөліміне келіп түскен кіріс хаттар саны -1897,оның ішінде қазақ тіліндегі хаттар саны -1887, орыс тіліндегі хаттар саны -10, орындалғаны -1897. Орыс тілінде келген хаттарға екі тілде жауапар беру нұсқамалары сақталған.

3) 2024 жылдың 03 қаңтары - 31 желтоқсан аралығында білім бөлімінде қабылданған құқықтық акті саны: барлығы 992 бұйрық берілген. Бұйрықтарды тіркеу журналының уақытылы толтырылуында олқылықтар анықталды. Сонымен бірге, тағайындау бұйрықтарының заңдылық нормативтеріне сай жазылуын, білім беру ұйымдарының басшыларының міндетін атқарушылардың келісімдерін құжаттауда мәтінінің дұрыс жазылуын қатаң бақылауда ұстау ескертілді.

Білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібін, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған қағидаларға сәйкес, босаған лауазымдар пайда болған ақпаратын уақытылы жолданбауы орын алған. Мысалы: 2 мектеп директоры жұмыстан босаған кезде бөлім тарапынан білім беру мекемелерінің басшыларының бос лауазымдық орындары туралы 5 күн ішінде хабарлануы керек ақпарат облыстық білім беру басқарамсына біреуі 5 күнге, екіншісі 15 күнге дейін кеш хабарланған. Бұл фактілер Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылғы 23.06-04.07.25ж. аралығындағы тексерісте де анықталды. Алайда, бос лауазымдарға тағайындау конкурс нәтижелерімен және ауыстыру тәртібі бойынша орналасу қатаң сақтала отырып жүргізілген. 2024 жылдың ішінде 12 жалпы орта, 5 балабақшаға конкурс жарияланды. Төрт мектеп (Қадыр Мырза Али, С.Имашев, Д.Нұрпейсова, Лабай) директоры конкурс нәтижесімен және 1 жалпы орта мектеп директоры (Балқұдық) ауыстыру тәртібімен жаңадан тағайындалған.

Ұсыныс: Білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібін, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған қағидаларға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін сақтау» талабы бойынша босаған лауазымдар пайда болған ақпаратын уақытылы жолдануы мен Білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындау бұйрықтарының заңдылық нормативтеріне сай жазылуын, білім беру ұйымдарының басшыларының міндетін атқарушылардың келісімдерін құжаттауда мәтінінің дұрыс жазылуын қатаң бақылауда ұстау

Қортындысымен бөлімдегі жауапты тұлғаға «сөгіс» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды. (бұйрық №742, 09.07.2025ж)

2. Мүдделер қақтығысын реттеу: Бөлім бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Бөлімдегі мемлекеттік қызмет атқаратын тұлғалар мен мекеме басшыларының және олардың жұбайларының табыстары мен мүліктері туралы декларацияларының уақытылы тапсырылуы үнемі бақылауда.

Бөлімде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің (Мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этика ережелері) талаптарын қатаң сақталуы үнемі бақыланып, осы талаптарды қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін қызметкерлер арасында жауапкершіліктері үнемі таныстырылып, мемлекет қызмет имиджіне кері әсер ететін әрекеттерден сақтандыру түсінік жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады. Бөлім мен білім беру ұйымдары бойынша этика ережелерін бұзу фактісі анықталмады. Сонымен бірге, бөлімнің мемлекеттік қызметшілерінің тарапынан әдеп нормаларын бұзу фактісі болған жоқ.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру бойынша білім бөліміне қарасты барлық білім беру ұйымдарында станд жасақталып, ілінген.

Бөлімде мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес 2024 жылы аудан көлеміндегі білім беру мекемелерінде 25 мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрі бойынша аудан тұрғындарына 2713 мемлекеттік қызмет көрсетілген. ақпараттық жүйелер арқылы-2690, мемлекеттік корпорация арқылы, қағаз түрінде 23 қызмет көрсетіледі. Мерзімі бұзылған мемлекеттік қызмет көрсетулер болған жоқ.

4. Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру:

Балабақшаларға орналасудағы бірінші кезекте орналасу санаттарына жататындардың растаушы немесе негіздеуші құжаттарын түпнұсқа құжаттарымен салыстырып зерделеп, растау қызметі бөлімде қатаң бақылануда. Бөлім қызметі тарапынан бұзушылық жыл ішінде анықталған жоқ.

Ал, Мектепке дейінгі білім беру ұйымына қабылдау кезінде «Нұрай» бөбекжай балабақшасы, балабақша меңгерушісінің бақылауының жеткілікті болмауы себепті және медбикенің тарапынан өз ісіне жауапкершіліктің төмендігінен, балабақшаға қабылдау кезіндегі құжаттарды жинақтауда мемлекеттік қызметтің маңызды элементі болып табылатын жекелеген тәрбиеленушілердің екпе алынғаны туралы анықтамаларда көрінеу жалған мәліметтердің болуына жол беру мәселесі орын алды. Құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жауапкершілігі туралы түсіндіру жүргізіліп, қызметін бақылау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру тапсырылды.

Сонымен бірге, ауданның білім беру ұйымдарында педагог қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босатуды рәсімдеу еңбек заңнамасына, мекеме Ережесі немесе Жарғысына сай, біліктілік талаптарына сай, педагогтар конкурстық негізде және бос лауазымдар еңбек.kz порталына жариялана отырып, қабылдануда. Дегенменде, 2024 жыл ішінде лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеу фактісі Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментпен Ф.Оңғарсынова атындағы жалпы орта мектебінде анықталды. Алайда, фактінің орын алған уақытының 1 жыл мерзімнен асып кетіп анықталуына орай, мектеп басшысының қаперіне берумен ғана шектелді.

5. Бақылау тексеру функцияларын іске асыру:

2024 жылы прокуратуралық тексеру нәтижесімен 6 мектепте 8 педагог тарапынан жалған диплом құжатымен жұмыс жасағандары анықталды. Олар: Нұрай б/б -1 тәрбиеші, Азғыр -3 педагог, Лабай -1, Шортанбай-1, Қиғаш-1, Бегалиев-1 педагог анықталды. Қылмыстық іс қозғалып, мерзімі өтуі себепті сотта іс қысқарды.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің мемлекеттік сатып алу мен қаржылық қызметін ұйымдастыру мәселесінде аудиторлық тексерулер кезінде анықталды:

-«Ақтолқын» бөбекжай балабақшасы, меңгеруші, бас бухгалтер, бухгалтер, шаруашылық меңгерушісі тарапынан Мемлекеттік сатып алу веб-порталында лот туралы ақпаратта ТЖҚ жеткізу мерзімі мен техникалық ерекшеліктегі жеткізу мерзімі әртүрлі талаптың қойылып, бір сатып алуда талаптардың алшақтығы анықталып, мемлекеттік сатып алу веб-порталында сатып алуды болдырмау жүргізілді. Кемшіліктер түзетіліп, хабарландыру қайта берілді. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жауапкершілігі туралы түсіндірілді.

-«Айгөлек» бөбекжай балабақшасы, меңгеруші, бас бухгалтер, бухгалтер, шаруашылық меңгерушісі тарапынан Мемлекеттік сатып алуда техникалық ерекшеліктердің сәйкес болмауы. Жауапты маманның қызметтік өкілеттілігін басымдықпен пайдалануы анықталып, мемлекеттік сатып алу веб-порталында сатып алуды болдырмау жүргізілді. Кемшіліктер түзетіліп, хабарландыру қайта берілді. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жауапкершілігі туралы түсіндірілді.

Мектептер бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мұғалімдерден мектепшілік шараларға, мерекелік кештерге, т.с.с жиындарға ақша жинамау туралы

аудандық білім бөлімінің басшысы Е.Баяровтың бұйрығы шығарылып, оқу жылының басында барлық білім беру ұйымдарының басшыларына таныстырылып, ақша жинауды мүлдем болдырмау және фактілер анықталған жағдайда жеке жауапкершілікке тартылатындары туралы қатаң ескертіліп, түсіндірілді. Сондай-ақ, сыныптарда өтетін шараларға, сыныптың безендіру жұмыстарына ата-аналардан ақша жинауға қатаң тиым салынғаны туралы тәрбие әдіскері тарапынан мектеп директорларының тәрбие орынбасарларына арнайы жиында қайталап ескертті. Білім беру ұйымдарында ата-аналардан заңсыз ақша жинауды болдырмау жөніндегі үгіт-насихат жұмыстары анонимді сауал ретінде өткізіліп, қорытындаланды.

Алайда, осындай жұмыстар жүре тұрғанымен 2024 жылы ауданымыздағы Ф.Оңғарсынова атындағы жалпы орта мектебінде ақша жинау фактісі анықталды. Мектепте арнайы зерделеу жұмыстары жүргізіліп, аудандық білім бөлімінің кеңес мәжілісінде талқыланып, бөлім басшысының бұйрығымен мектеп директорына «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза берілді. (Бұйрық №651, 16.09.2024ж)

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу: Бөлімге қарасты барлық білім беру ұйымдарында мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының нормалары мүлтіксіз сақтау міндеттелген. 2024 жылы бөлімнің мемлекеттік сатып алу жоспарына 116652000 теңге қаржы жоспарланып, 114002838 теңгесі игерілді.

Білім бөлімі бойынша «Қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау» мемлекеттік қызмет көрсету қағидасына сәйкес, 26 қорғаншы-қамқоршыға 44 жетім және қамқорлықсыз қалған балаларды бағып қағуға 2024 жылы - 36920 теңге мөлшерінде жәрдемақы төлеу жөнінде шешім шығарылып, ай сайын мерзімінде төленіп отырды.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты облыстық семинарларға, біліктілік курстарға барлық білім беру ұйымдарының басшылары мен есепшілері түгел қатыстыру шаралары бөлім тарапынан үнемі ұйымдастырылып отыр. Барлық білім беру ұйымдарының басшылары қаржылық құжаттарды рәсімдеу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны өзге тұлғаларға бермеу мәселесі қатаң сақталуы бөлім тарапынан үнемі бақылауда.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Портал арқылы конкурс тәсілімен шарт жасақталып, тауарлар алынып отыр. Құқық бұзушылықтар анықталмады.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Бөлімде және барлық білім беру ұйымдарында қызметкерлерінің сағаттық жүктемелері мен тарифтеу жұмысы ашық жарияланады.

Білім бөлімінің және білім беру ұйымдар дәлізінде арнайы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес - басты міндет» тақырыбында ақпараттық стенд пен «Мақсатымыз - жемқорлыққа тосқауыл қою» тақырыбында насихат жадынамалары ілінуі үшін арнайы стенд жасақталған. 30 мектепте «Парасатты азамат» тақырыбындағы бұрыш жасақталды, жоспарға сәйкесті материалдары өзгертіліп тұрады.



Сонымен бірге, барлық білім беру ұйымдарында «сенім жәшігі» мен «сенім телефондары» жұмыс жасайды. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында Ұлттық Бюроның бірыңғай номері -1424 СаІІ орталығы туралы және ата-аналар ақша жинауға тиым салынады деген атаумен ақпараттық тақта мектептер сайтында орналастырылған.

Білім беру ұйымдарында (мектеп, балабақша, қосымша және арнайы білім беру ұйымдары) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүгізіліп отыр. Барлық білім беру ұйымдарындағы 2024 жылдың қортындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаулары жаңа нұсқамамен 2025 жылдың мамыр-шілде айында жасалды. Бөлімде бұл мәселе бойынша есебі алынып, мониторингіленіп, олқылықтарды жою бағытындағы дер кезінде ескертпелері беріліп отыр.

Қортынды:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша ұсынылды:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сай құқықтық жаппай оқыту жүргізуді жетілдіре жалғастыру;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру.
- 3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу қорытындысымен іс шаралар жоспарын жасақтап жұмыстану және заңнамаларға сай тиісті шаралар алу бөлімге қарасты барлық білім беру мекемелері басшылары мен бөлім қызметкерлеріне міндеттелсін.

1.  Е.Баяров- бөлімнің басшысы, жұмыс тобының төрағасы
2.  Т.Медеугалиева- бөлімнің сектор меңгерушісі, жұмыс тобы төрағасының орынбасары
3.  А.Асылбеков бөлімнің бас есепшісі,
4.  Қ.Харесова - бөлімнің бас маманы, жұмыс тобының мүшесі, хатшы
5.  Р.Кумарова- бөлімнің бас маманы, жұмыс тобының мүшесі,
6.  Т.Бахтыгереева- бөлімнің әдістемелік кабинет меңгерушісі, жұмыс тобының мүшесі,
7.  А.Арыстанова- Бөлімнің әдіскері, жұмыс тобының мүшесі,
8.  С.Ықласов- Бөлімнің әдіскері, жұмыс тобының мүшесі,
9.  Н.Ахметова- Бөлімнің әдіскері, жұмыс тобының мүшесі,